Ұлт рухын сақтаған ұлы тұлғаларға құрмет

2026 жылдың 18 ақпанында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты базасындағы Әуезов әдеби бірлестігі «Үш бәйтерек және Мұқағали» атты жалпыуниверситеттік әдеби-танымдық кеш өткізді. Тәрбиелік мәні зор шарада факультеттер деканларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, ғалымдар мен ақындар және студенттер бас қосты.



Кіріспе сөзді Абай ҒЗИ профессоры, белгілі ақын, аудармашы Төрегелді Тұяқбай бастап, қазақ поэзиясындағы рухани сабақтастық, жалғастық туралы ойын айтты. Залда бір минут үнсіздік жарияланып, қатысушылар ұлт арыстарының, Мұқағалидың асқақ рухына тағзым етті.

Кеш қонақтары қатарында ақын Мұқағалидың ұрпағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті Шолпан Мұқағалиқызы, белгілі ақын, Жазушылар одағының мүшесі Болат Үсенбаев, ақын Алмат Исаділ, ҚазҰУ-дың түлегі, ардагер ұстаз Бану Исмагулова, ҚазҰУ профессоры Болат Әбенов, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы Сымбат Исмагулова, сондай-ақ ғалымдар Шоқан Амангелдіұлы мен Ерхан Кәрбозұлы болды.

Кеш модераторлары – Әуезов әдеби бірлестігінің мүшелері Бағжан Тұрғанбек пен Данияр Айару болды. Кеш шымылдығы күймен ашылды. Филология және журналистика факультетінің студенттері – Тілек Нұрхожа, Наламбаев Айбар, Құлахмет Елсияр, Өміртайұлы Хақназар орындаған күй көрерменді терең әсерге бөледі. Филология және ақпараттық технологиялар факультеттерінің студенттері Құлахмет Елсияр, Қайратұлы Абылай Үш бәйтерек пен Мұқағалиға арнау өлеңдерін айтты.

Кештің алғашқы бөлімі қазақ әдебиетінің алып тұлғалары – Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин шығармашылығына арналды. Кеш барысында Сәкен, Бейімбет, Ілияс пен Мұқағали арасындағы рухани сабақтастық ерекше аталды. Шығыстану факультетінің студенттері Адилов Рахат пен Сырым Сәкеннің «Тау ішінде» әнін әсерлі

жеткізді. Сондай-ақ Сырым мен Адилов Рахат Мұқағалидың «Құмған алған» әнін де жүрек тебіренісімен ерекше орындады.



Кеш барысында Мұқағали сөзіне жазылған «Мен деп ойла», «Есіңе мені алғайсың» әндері шырқалып, поэзиялық-музыкалық композиция кештің мазмұнын толықтырды.



Студенттер төрт ақынның мұрасынан таңдалған өлеңдер мен поэмалардан үзінді оқыды. Филология факультеті екі шет тілі мамандығының студенті Құрманалина Інжу Мұқағалидың «Ғашықпын, шын ғашықпын сол адамға» өлеңін француз тілінде, Арайлым Мукарап монғол тілінде оқып, тыңдаушылар ықыласына бөленді. Филология факультетінің 4-курс студенттері Мұқағалидың «Фариза», «Бақыт деген немене?» өлеңдері негізінде мюзикл

қойып, ақын дүниетанымын айшықтай түсті. Осылайша жас таланттар өздерінің шығармашылық қабілеттерін шыңдай түсті.



Үш бәйтерек – Сәкен, Бейімбет, Ілияс пен Мұқағали рухына арналған танымдық кеш – рухани сабақтастық және ұлттың мәдени кодын жаңғыртудың маңызын терең сезіндірген танымдық шара болды. «Ашық микрофон» бөлімінде төрт ақынның өмірі мен шығармашылығы бойынша викториналық сұрақтар берілді.



Шара барысында сөз алған белгілі ақын, халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты Болат Үсенбаев поэзияның мәні туралы мазмұнды ой айтып, поэзияның адам рухының айнасы екенін, жастардың өлеңді жиі оқып, көркем әдебиетті серік етуі қажеттігін айтты.



Әуезов әдеби бірлестігінің жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ләйла Мұсалы кешті қорытындылап, кеш мақсаты ұлт әдебиетінің маңызын жас ұрпақтың бойына сіңіру, оларға рухани бағдар беру екенін айтты. Ұлт рухын оятқан алыптар – Үш бәйтерек еккен рухани дәннің жалғасы – Мұқағали Мақатаев та ар-ұят құндылығын, жан тазалығын көркем тілмен өрнектеген ақын екенін үлгі етті. Үш бәйтерек пен Мұқағали жырлары рухани сабақтастық, жаһандану жағдайында жұтылып кетпеу, ұлттық рухты сақтау жолында жастарға жақсы өнеге беретінін айтып, студенттер мен кеш қонақтарына алғысы мен тілегін жеткізді.



Абай ғылыми-зерттеу институтының ақпараттық қызметі